

## Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тәуекелдер деңгейлерін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 91 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2012 жылғы 17 шілдедегі № 223 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 21 тамызда № 7868 тіркелді . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 741 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 542 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2015 № 741 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.07.2015 № 542 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

### БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-тармағына және «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 18) тармақшасына с ә й к е с

### Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тәуекел деңгейлерінің ұсынылған бағалау өлшемдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің ақпарат және м ұ р а ғ а т к о м и т е т і :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен соң оның ресми түрде жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің ақпарат және мұрағат комитеті

төрағасына жүктелсін (Б.С. Калианбеков).

4. Осы бірлескен бұйрық ресми түрде алғашқы жарияланған күнінен кейінгі он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрі Экономикалық даму және сауда  
министрінің м.а.

\_\_\_\_\_ Д. Мыңбай \_\_\_\_\_ М. Әбілқасымова

2012 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ 2012 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат министрінің

2012 жылғы 29 маусымдағы № 91

және Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және

сауда министрінің м.а.

2012 жылғы 17 шілдедегі № 223

бірлескен бұйрығымен

бекітілген

## **Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тәуекелдер деңгейлерін бағалау өлшемдері**

1. Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдері (бұдан әрі - Өлшемдер) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы, «Телерадио хабарларын тарату туралы» 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңдарына сәйкес жеке кәсіпкерліктің тексерілетін субъектілерін тәуекелдер деңгейлері бойынша топтастыру үшін әзірленген.

2. Тәуекелдерде келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) тексерілетін субъектілер – телерадио хабарларын тарату операторлары мен теле-, радиокөрсетілу компаниялар.

3. Жоспарлы тексерулерді өткізу кезеңділігі тәуекел деңгейіне байланысты, алайда олардың кезеңділігі төменде көрсетілген саннан жиі болмауы тиіс:  
жылына бір рет – тәуекелдің деңгейі жоғары болғанда;  
үш жылда бір рет – тәуекелдің деңгейі орта болғанда;  
бес жылда бір рет – тәуекелдің деңгейі шамалы болғанда.

4. Тексерілетін субъектілерді тәуекел деңгейлері бойынша жатқызу бірінші және кейінгі бөлу арқылы жүзеге асырылады.

5. Бірінші бөлу кезінде телерадио хабарларын тарату операторлары және

телекомпаниялар тәуекелі жоғары деңгейге жатқызылады, ал радиокомпаниялар тәуекелі орта деңгейге жатқызылады.

6. Тексерілетін субъектілерді тәуекел деңгейі бойынша келесіге жатқызу алынған балдар санына байланысты тек тәуекелдің деңгейін бағалаудың өлшемдері негізінде жүзеге асырылады.

7. Тәуекелдің әрбір өлшемі бойынша 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, шекті мөлшері бар сәйкесінше балдар беріледі.

8. Тәуекелдің өлшемдері бойынша балдар барлық өлшемдер бойынша жалпы сомалық қорытындыны анықтау үшін сомаланады.

9. Тәуекелдің барлық өлшемдер бойынша сомалық қорытынды нәтижелері тексерілетін субъектілерді тәуекел деңгейі бойынша бөлу үшін пайдаланылады.

10. Тәуекелдің деңгейі бойынша тексерілетін субъектілерді бөлу келесі түрде жүзеге асырылады:

- 1) тәуекелдің жоғары деңгейі – 21 балдан жоғары;
- 2) тәуекелдің орта деңгейі – 12-ден 20 балға дейін (қоса алғанда);
- 3) тәуекелдің мардымсыз деңгейі – 11 балға дейін (қоса алғанда).

11. Тәуекелдің бір тобының ішінде жоспарлы тексеріс жүргізуге тексерілетін субъектілерді іріктеу мына принцип бойынша жүзеге асырылады:

- 1) жиналған баллдың ең үлкен саны;
- 2) тексерілмеген ең үлкен кезеңі.

Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдеріне  
1-қосымша

Тәуекелдер топтары	Тәуекелдер деңгейлерін бағалау өлшемдері	Балл
1. Бақылау субъектілеріне	Өзін өзіне қол жұмсауды насихаттайтын ақпараттың жария етпеу жөніндегі талаптарды сақталмауы	3
	Қатыгездік пен зорлықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық артықшылықты насихаттайтын ақпараттың жария етпеу жөніндегі талаптарды сақталмауы	3
	Қазақстан Республикасының тұтастығын бұзуды, Конституциялық құрылысты күштеп өзгертуді насихаттайтын ақпараттың жария етпеу жөніндегі талаптарды сақталмауы	3
	Экстремизмді немесе терроризмді насихаттайтын ақпараттың жария етпеу жөніндегі талаптарды сақталмауы	3
	Ұлтаралық және конфессияаралық алауыздықты қоздыратын ақпараттың жария етпеу жөніндегі талаптарды сақталмауы	3
	Порнографиялық және арнайы сексуалды-эротикалық сипаттағы кино және бейне өнімді жария ететін теле-, радиобағдарламалар, теле-, радиоарналар жария етпеу жөніндегі талаптарды сақталмауы	3

жалпы болып табылатын	Балалар мен жасөспірімдердің физикалық, психикалық, адамгершілік, моральды және рухани дамуына залал келтіретін телебағдарламаларды, сонымен қатар Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңына сәйкес «Е 18» деп белгіленетін фильмдерді жергілікті уақыт бойынша 6.00 дан бастап 22.00 – қа дейін тарату	5
	Егер де өзге теле радио таратылым операторлары мен құқық иегері болып табылатын теле- радиокөпмания арасындағы шартта көзделмеген жағдайда мазмұнына өзгертулер енгізіліп жария етілген теле-, радиоарналардың қызметін жүзеге асыру, теле – радиобағдарламаны ретрансляциялау	2
	Кабельді телерадио таратылым операторларымен және теле-, радиокөпманиямен көрсету және (немесе) қайта көрсету барысында сақталуы міндетті болып табылатын өзара есептесуге қатысты талаптарды сақтамау	3
	«Жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келмейтін жарнаманы тарату	5
	Қосымша ақпараттың көлемі кадр алаңының он бес пайызынан асуы	2

**Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдеріне**  
2-қосымша

Тәуекелдер топтары	Тәуекелдер деңгейлерін бағалау өлшемдері	Балл
2. Теле- радио хабарларын тарататын операторлары үшін	Теле-, радио хабарларын тарату операторларымен міндетті болып табылатын теле-радиоарналарды таратпау	5
	Теле-, радиоарнаның, телерадиобағдарламалардың телерадио хабарларын тарату операторы мен құқық иегері болып табылатын теле-, радиокөпмания арасында жасалған шарттың болмауы	3
	Мүдделі органда есепке қойылмаған шетелдік теле-, радиоарналарды тарату	5

**Телерадио хабарларын тарату саласындағы жеке кәсіпкерліктің тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдеріне**  
3-қосымша

Тәуекелдер топтары	Тәуекелдер деңгейін бағалау өлшемдері	Балл
3. Теле- радиокөпманиялар үшін	Қазақ тілінде көрсетілетін теле-, радиобағдарламалардың жұма сайынғы көлемін және уақыт аралығын сақтамау/немесе қазақ тіліндегі негізгі дыбыстық сүйемелдеу ретінде дыбыстық сүйемелдеудің көп арналық берілуін пайдаланбау	5
	Телеарнада жаңалықтарды жария ететін бағдарламаларды сурдоаудармамен қамтамасыз етпеуден тарату	2
	Теле-, радиоарна меншік иесінің кіретін есігі бөлек үй-жайлар мен орындарға немесе оны жалға алуға, оның ішінде:	

	<p>телерадио хабарларын таратудың жұмыс істеуі үшін қажетті техникалық құралдарды орналастыруға және пайдалануға арналған арнайы үй-жайларды ( студиялық, аппараттық, қосымша);</p> <p>шығармашылық персоналына (редакциялық) арналған үй-жайларды;</p> <p>әкімшілік-басқару персоналына арналған үй-жайларды жалға алуға мүлктік құқықтарын растайтын құжаттардың болмауы</p>	3
	<p>Отандық теле-, радиоарналардың апта сайынғы хабар тарату көлемінде шетелдік теле-, радиоарналардың теле-, радиобағдарламаларын тарату теле-, радиобағдарламалардың жалпы көлемінің жиырма пайызынан асуы</p>	3
	<p>Трансляцияланатын және ретрансляцияланатын теле-, радиобағдарламаларды алты айдан кем таспаға басу және сақтау</p>	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК